

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 29 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 тамызда № 3-4-152 тіркелді. Күші жойылды - (Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2013 жылғы 1 шілдедегі № 04-13/100 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - (Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 01.07.2013 № 04-13/100 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Байғанин ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы:

Н.Шекеева

Мәслихат хатшысы:

Б.Турлыбаев